



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 15 сәуір

### 2019 жылғы 5 сәуірден 12 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

12 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға нығайып (379,84-тен), 379,59 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 5 сәуірден 12 сәуір аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ-та инфляция бойынша (+0,4% м/м), наурыздағы өндірушілер бағасы бойынша (+0,6% м/м) деректерді, сондай-ақ экономикалық болжамның және экономика үшін тәуекелдердің өзгеруіне байланысты Комитет мүшелерінің басым көпшілігі негізгі мөлшерлемені жыл соңына дейін сақтау туралы пікір білдірген АҚШ ФРЖ-нің наурыздағы отырысының хаттамасын жария ету, ХВҚ-нің әлемдік экономиканың өсу қарқынын 3,3%-ға дейін (өткен болжамда 3,5%) төмендетуі, ЕОБ-нің негізгі мөлшерлемені өзгермейтін деңгейде сақтау туралы шешімі, Ұлыбританияның ЕО-дан шығу мерзімін 31 қазанға дейін ұзарту, Қытайдан әкелінетін экспорттың өсу қарқынының наурызда (+14,2% г/г) күтпеген жерден өсуі туралы статистиканың шығуы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда келіссөздеріндегі алға басуларға байланысты жаһандық тәуекел-сентиментінің жақсаруы, сондай-ақ Қытайдан әкелінетін экспорттың өсу қарқынының жылдамдауы туралы деректердің жариялануы аясында 1,7%-ға (19,07-ден 18,75-ке дейін) нығайды;

- **Ресей рублі** ФҚО-нің рекордтық көлемін табысты орналастыру және мұнай бағасының бір баррель үшін \$70 баррельден жоғары өсуі аясында 1,6%-ға (65,3-тен 64,28-ға дейін) нығайды;

- **Оңтүстік Африка ранды** кэрри-трейдке арналған кірістіліктің тартымдылығы және шетелдік инвесторлардың жергілікті бағалы қағаздарға салымдарының өсуі аясында 0,9%-ға (14,09-дан 13,97-ге дейін) нығайды.

- **Үндістан рупиясы** мұнай бағасының өсуінен болған наурызда инфляцияның 2,86% г/г дейін жылдамдауы туралы деректердің шығуы аясында 0,1%-ға (69,23-тен 69,18-ге дейін) әлсіреді;


- **Индонезия рупиясы** халықаралық резервтердің наурыздың соңына ең жоғарғы 11 айлыққа өсуі аясында 0,1%-ға (14 133-тен 14 120-ға дейін) нығайды;

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды



<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Бразилия реалы** Үкіметтегі саяси қайшылықтардың және пара алғаны үшін күдікті болуы бойынша төменгі палата спикеріне қатысты тергеу туралы хабардың аясында 0,3%-ға (3,87-ден 3,88-ге дейін) нығайды;

- **Түрік лирасы** Үкіметтің банктерді \$4,9 млрд мөлшерінде қолдау жоспарын ұсынуына қарамастан (капиталды мемлекеттік банктерге құю, жұмыс істемейтін қарыздар аударылатын 2 қор құру) 2,7%-ға (5,63-тен 5,78-ге дейін) әлсіреді.



## Дамушы елдер валютасының серпіні (29 наурыз 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)